

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің спорт саласында мамандандырылған мемлекеттік мекемелерінің (бұдан әрі - мемлекеттік мекемелер) өздерінің жарғылық мақсатына сәйкес келетін және негізгі қызметіне жатпайтын қызметтерді көрсету және мұндай қызметтер көрсетуді іске асырудан түскен ақшаны пайдалану тәртібін айқындайтын ереже (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді.

2. Қызметтер көрсету тәртібі

2. Қызметтер мынадай тәртіппен көрсетіледі:

1) дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін көрсету;
2) Қарулы Күштерге ведомстволық тиесілі емес жеке және заңды тұлғалармен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөнінде қызметтер көрсету (жарыстарды, арнайы кешенді спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу);

3) спорт мүкәммалын пайдалану жөнінде қызметтер көрсету;
4) өзге дене шынықтыру-спорттық ұйымдарға ауысу жағдайларын кейіннен іске асыра отырып, спортшылар мен жаттықтырушыларды даярлау жөнінде қызметтер көрсету.

3. Қызметтер мемлекеттік бюджет шеңберінде қаржыландырылатын негізгі қызметтің орнына көрсетілмейді.

4. Қызметтер көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен шарттық негізде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік мекемелердің қызметтерді іске асырудан алынатын, олардың иелігінде қалатын түсімдер мен шығыстарды пайдалану тәртібі

5. Мемлекеттік мекемелердің қызметтерді іске асырудан алынатын, олардың иелігінде қалатын ақша мемлекеттік мекемелер қызметтерді іске асырудан алынатын ақшаны есепке алу үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінде ашатын шотқа аударылады және осы Ережеге сәйкес пайдаланылады.

6. Мемлекеттік мекемелердің қызметтерді іске асырудан алынатын, олардың иелігінде қалатын ақша есебінен операцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен олардың түрлері бойынша қызметтерді іске асырудан алынатын ақшаның түсімдер мен

шығыстар жоспарларын жасайды және оны бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекітеді.

7. Мемлекеттік мекемелердің қызметтерін іске асырудан алынатын, олардың иелігінде қалатын ақша:

1) дене шынықтыру және спорт жөніндегі сауықтыру топтарының жаттықтырушыларына еңбекақы төлеуге, осы топтарды ұйымдастыруға байланысты шығыстарды жабуға;

2) спорт құрылыстары мен ғимараттарын ұстауға, жөндеуге, мамандандырылған жабдықтар мен мүкәммал, спорт киімдерін сатып алуға, оқу-жаттығу жұмысын қамтамасыз етуге, жарыстарға қатысуға, спорттық іс-шаралар өткізуге, әкімшілік-басқару және шаруашылық шығыстарына;

3) спорт мүкәммалы мен жабдықтарын жөндеуге;

4) автомобильді және арнайы көлікті ұстауға, арнайы техника мен жабдықтарды жөндеуге және оларға қызмет көрсетуге;

5) спорттық іс-шараларға қатысушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, төрешілер мен медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, мәдени-бұқаралық және сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру жөніндегі шығыстарды жабуға;

6) қызметтік іссапарларға;

7) спортшыларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсартуға, әкімшілік, шаруашылық, жатын және көмекші үй-жайлар үшін жиһаз сатып алуға;

8) ғимараттарды, құрылыстарды күрделі жөндеуге, шаруашылық және өзге де ағымдағы шығыстарға;

9) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің спортшыларымен оқу-жаттығу және жарыс процестерін ұйымдастыру үшін үй-жайлар мен жабдықтарды жалдауға ақы төлеуге;

10) заттай мүлік заттарын және басқа да нысанды әрі арнайы киім-кешек сатып алуға, тігуге және жөндеуге;

11) коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметтеріне ақы төлеуге;

12) көліктік қызметтерге ақы төлеуге;

13) заңды және жеке тұлғалар шарт бойынша көрсететін қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеуге;

14) банктік қызметтерге ақы төлеуге;

15) оқу шығыстарына ақы төлеуге;

16) спорттық іс-шаралардың жеңімпаздары мен қатысушыларына берілетін жүлделерге, естелік сыйлықтарға, грамоталар мен ақшалай сыйақыларға;

17) спорттық іс-шараларға қатысу үшін жарналарға;

18) спортшылар мен құрама командалардың оқу-жаттығу процесін фармакологиялық қамтамасыз етуге;

19) заңдық қызметтерге жұмсалады.

8. Мемлекеттік мекемелердің қызметтерді іске асырудан алынатын, олардың иелігінде қалатын ақшаны есепке алу және олардың жұмсалуды туралы есеп беру Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК